ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП
2011
ГОДОВОЙ ОТЧЕТ

ҚАЗТЕМІРТРАНС

ҚАЗТЕМІРТРАНС

МАЗМҰНЫ

4 «ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ

5 «ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ (ПРЕЗИДЕНТІНІҢ) АЛҒЫ СӨЗІ

8 ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІНІҢ ЖӘНЕ КОМПАНИЯНЫҢ КӨЛІК СЕКТОРЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ МЕН РӨЛІ

12 КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР
Компания туралы жалпы мәліметтер
Біздің тарихымыз
Компания міндеті
Негізгі қызмет түрлері
Компанияны басқарудың құрылымы
Еншілес, тәуелді ұйымдар, өкілдіктер
Компания филиалдары
«Көлік қызметі орталығы» АҚ
IT-технологиялар

22 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
Компаниядағы корпоративтік басқарудың негізгі қағидаттары мен мақсаттары
Компанияның басқару органдарының құрылымы
Директорлар кеңесінің құрамы
Компания Комитеттері мен Қызметтерінің жұмыстары
Басқарма құрамы

30 ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

31 НЕГІЗГІ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР
Жүк вагон паркінің тасымалдауды қамтамасыз етуі
Вагондар паркін техникалық жарамды қалпында ұстау
Жүк вагондары паркін жаңарту
Инновациялық қызмет

36 ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР
Қаржы қызметінің нәтижелері
Активтер, меншікті капитал
Корпоративтік қарыздар
Инвестициялық қызмет

40 ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ КАДРЛЫҚ САЯСАТ
Сапалы қызметкерлер құрамы
Қызметкерлер құрамын бағалау және таңдау
Қызметкерлер құрамын дамыту
Әлеуметтік қолдау

44 ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ

68 МЕКЕНЖАЙЛАР МЕН БАЙЛАНЫСТАР

«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ

ҚҰРМЕТТІ СЕРІКТЕСТЕР МЕН КЛИЕНТТЕР!

2011 жыл көптеген объективті себептер бойынша қазақстандық теміржол үшін айтулы жыл болды. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойы қарсаңында теміржол саласы мемлекетіміз үшін стратегиялық маңызға ие ондаған жобаны жүзеге асырды.

2011 жылғы мега-жобалардың қатарына «Жетіген – Қорғас», «Өзен – Түркіменстанмен мемлекеттік шекара» жаңа теміржол желілерінің ашылуын, жылына жобалық қуаттылықтағы 150 вагон шығаратын, заманауи «Тальго» жолаушылар жүйрік вагондарын өндіретін жаңа зауыттың іске қосылуын, ұзындығы 650 шақырымнан астам жолдарға күрделі жөндеу жүргізілгенін, соңғы жылдары қолға алына қоймаған жүк вагондары мен локомотивтер паркінің жаңартылуын жатқызуға болады. Сонымен, ҚТЖ 2011 жылы құны 87 млрд. теңгеден асатын сомада 7 мың жүк вагонын және 46 млрд. теңгеден астам сомаға 110 локомотив сатып алды.

Осы аталған жобалардың әрқайсысының Қазақстан Республикасының транзиттітасымалдау әлеуетінің артуына, халықаралық аренадағы мемлекетіміздің беделінің нығаюына оң әсер ете отырып, жүк тасымалдау, жолаушылар тасымалы және т.б. сияқты теміржол көлігінің нақты бір буыны үшін де, сонымен бірге жалпы алғанда, теміржол саласының дамуы үшін де аса үлкен маңызы бар.

Сонымен бірге Кеден одағы жұмыстарының басталуына, Қазақстанның жаһандық тасымал нарығына бірігуіне, елдер арасындағы тауар айналымының өсуіне байланысты теміржол арқылы жүк тасымалдауға аса жоғары талаптар қойылады. Бұл мәселеде «Қазтеміртранс» акционерлік қоғамы негізгі рөл атқарады.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның еншілес компаниясы «Қазтеміртранс» АҚ ҚР жүк вагон паркінің ірі операторы болып табылады. Кәсіпорын негізгі компанияны жүк вагон паркімен қамтамасыз ететін негізгі қызметімен қатар кешенді тасымалдау-логистикалық қызметін көрсетеді, жылжымалы құрамды жөндеуді және жаңғыртуды, соның ішінде жеке өндіріс нысандарында 60 мың бірлік жылжымалы құрамға есептелген вагон паркінің қызметін жүзеге асырады.

Бүгінгі таңда акционерлік қоғам көбінесе сауатты жоспарлауға, айқын басқаруға, еңбектің жоғары өнімділігіне, барлық тасымалдау саласы жұмыстарының талаптарына айтарлықтай ықпал ете алатын алдыңғы қатарлы технологияларды енгізуге байланысты өз уақытында шешімін табатын жаңа мақсаттар мен міндеттер қойып отыр.

Құрметпен,
Ермек Қизатов
«Қазтеміртранс» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы
«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Вице-президенті

«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ (ПРЕЗИДЕНТІНІҢ) АЛҒЫ СӨЗІ

ҚҰРМЕТТІ
АКЦИОНЕРЛЕР, СЕРІКТЕСТЕР, КЛИЕНТТЕР!

2011 жыл Компаниямыздың жұмысы үшін жемісті болып, жүзеге асырылған жобаларымен есте қалды.

2011 жыл «Қазтеміртранс» АҚ вагон паркін жаңарту жөніндегі науқанмен басталды. Акционерлік қоғамымыз мемлекетіміздің сындарлы инвестициялық саясатының арқасында, «Қазақстан темір жолы» бас компаниямыздың қолдауымен, соңғы жылдары вагон паркін бірден 7059 жаңа жүк вагонымен толықтырды. Бұл бағыттағы жұмыстар келесі жылы да жалғасын табатын болады. «Қазтеміртранс» АҚ 2012 жылы 14,5 мың жылжымалы құрам сатып алып, 16 мыңдай бірлікті жөндеуден өткізеді деп жоспарлап отыр. Жалпы алғанда, 2020 жылдың соңына дейін «Қазтеміртранс» АҚ 44 мыңнан астам жүк вагонын сатып алуды қарастырып отыр.

Біздің қызметіміздің бәсекеге қабілеттілігі алдыңғы қатарлы технологияларды қолдана отырып, жылжымалы құрамды өз уақытында және сапалы жөндеуден өткізу және вагондардың пайдалану мерзімі мен сенімділігін арттыруға әсер ететін жұмыстар сияқты аса маңызды факторларға байланысты. Бұл ретте Қазтеміртранс өзінің өндірістік қуаттылығының техникалық қайта жабдықталу, жөндеу сапасын арттыру сияқты мәселелерге аса назар аударады. Сонымен, 2009 жыл мен 2011 жылдың аралығында ҚТТ төрт вагон жөндеу депосын жаңғыртуға 1 млрд.теңгеден астам қаржы жұмсады Жүргізілген іс-шаралар есебінен жыл сайын инвентарлық парктің жүк вагондарын жөндеу 60 пайызға, ВЖД технологиялық жабдықтармен қамтамасыз ету 46-дан 85 пайызға дейін артты.

«Қазтеміртранс» АҚ қызметіндегі тағы бір белсенді түрде іске асырылған бағыт – бұл отандық тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өндірушілерге қолдау көрсету. Компания 2011 жылы ОТӨ қолдау жөніндегі бағдарлама аясында жалпы сомасы 19,9 млрд. теңге болатын 2015 жылға дейін ұзақ мерзімді сатып алуларды жүзеге асыру үшін шарттар жасады. Сонымен бірге бүгінгі таңда Қазтеміртранс «ЗИКСТО» АҚ, «Қазақстандық вагон жасаушы компания» ЖШС сияқты қазақстандық кәсіпорындардан белсенді түрде вагондар сатып ала отырып, отандық вагон жасаушылардың өнімдеріне негізгі тапсырыс беруші болып табылады.

Компания еңбек өнімділігін арттыра, заманауи технологияларды енгізе, жаңа жобаларды жүзеге асыра отырып, кез келген табысты кәсіпорынды құраушы болып табылатын – өздерінің қызметкерлері туралы да естен шығармайды. Компания басшысы теміржол саласының басты құндылығы қашан да оның қызметкерлері болып қалатындығын түсіне отырып, әлеуметтік жауапкершілік, жас мамандардың жұмысқа бейімделуіне қолдау көрсету, еңбекті қорғау және т.б. сияқты мәселелерге ерекше көңіл бөледі.

Құрметпен,
«Қазтеміртранс» АҚ президенті
Шағдарбек Жайсаңбаев

ҚАЗТЕМІРТРАНС

ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІНІҢ ЖӘНЕ КОМПАНИЯНЫҢ КӨЛІК СЕКТОРЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ МЕН РӨЛІ

Көлік – экономика инфрақұрылымын қалыптастыратын негізгі салалардың бірі. Қазақстан көлігі тек экономика салалары мен өндіріс түрлерінің ғана емес, сонымен бірге аумақтық кешендердің де өзара байланысуын қамтамасыз ете отырып, республикадағы халық шаруашылығы (агроөнеркәсіп, отын-энергетикалық, тау-кен металлургиялық, құрылыс және т.б.) салалық кешендерінің қалыптасуын ескере келіп дамыды. Республикадағы барлық көлік түрінің анағұрлым қарқынды даму кезеңі 70-80 жылдарға тұспа-тұс келді. ТМД елдеріндегі 90-жылдары бастау алған экономикалық құлдырау көліктің барлық түрімен тасымалдау көлемінің жалпы азаюына әкелді. 1999 жылдың аяғынан бастап көлік саласы тұрақталып, тасымал көлемі арта бастады.

Қазақстанның бүгінгі таңда теміржол, автомобиль, әуе, ішкі су және құбыр көліктерін қамтитын қарқынды дамып келе жатқан көлік жүйесі бар. Теміржол көлігі Қазақстан Республикасы өндірістік инфрақұрылымының ең маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Қазақстанның географиялық жағдайы (теңізге тікелей шығатын жолдың болмауы, кеме жүретін өзендердің болуы), аумағының кеңдігі, өндірістің шикізат құрылымы, өндіріс күштерінің орналасуы теміржол көлігінің ел экономикасындағы рөлін аса маңызды етіп отыр.

Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің мәліметтеріне сәйкес барлық көлік түрінің жүк айналымындағы теміржол көлігінің үлесі 2011 жылы 49,4%; автомобиль –



27,2%; құбыр көлігі – 22,7%; теңіз көлігі – 0,7%, әуе көлігі – 0,02% және өзен көлігі – 0,02% құрады.

Негізінен мұндай арақатынас Қазақстанның өнеркәсіп өндірісінің шикізат құрылымымен түсіндіріледі. Тасымалдауға берілетін негізгі тауар өнімі көмір, астық, мұнай, кен, минералдық тыңайтқыштар сияқты автомобиль көлігімен тасымалдау тиімсіз сусымалы және құйылмалы жүктер болып табылады. Сонымен бірге автомобиль көлігінің жүк айналымын статистикалық есепке алу және бағалау қиын болғандықтан, үлестерді бөлудегі кейбір олқылықтарды ескеру қажет.

Қазақстандағы тармақталған теміржолдар желісінің жалпы ұзындығы шамамен 15 мың шақырымды құрайды; оның 6 мың шақырымы екі жолды және шамамен 5 мыңы электрлендірілген жолдар болып табылады. Басты жолдардың жалпы ұзындығы – 18,8 мың шақырым, стансалық және арнайы жолдардың ұзындығы – 6,7 мың шақырым.

теміржолдар желісінің жалпы ұзындығы шамамен	екі жолды	электрлендірілген
15 000 км	6 000 км	5 000 км

басты жолдардың жалпы ұзындығы	стансалық және арнайы жолдардың ұзындығы
18 800 км	6 700 км

2011 жылы «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының (ҚТЖ) жүк айналымы 2010 жылмен салыстырғанда 4,8%-ға, жолаушылар тасымалдау 5,3%-ға өсіп, жаңа теміржолдар құрылысы мен өндірістік қуаттылықтарды енгізу жөніндегі жобаларды табысты аяқтады.

ҚТЖ мәліметтері бойынша теміржол көлігінің жүк айналымы 2011 жылы 223,33 млрд. т/шақырым, жолаушылар тасымалдау – 14,65 млрд. т/шақырымды құрап, 2010 жылмен салыстырғанда сәйкесінше 4,8%-ға және 5,3%-ға артқан.

Халықаралық деңгейді қабылдай отырып әрі ұлттық көлік жүйесінің жетекші қызметтерінің бірі ретінде көлік транзитін белгілей келе, теміржол көлігінің рөлі Қазақстанның заманға сай әлеуметтік-экономикалық тұрғыда жаңару кезеңінде айтарлықтай артып келеді.

Осыған байланысты ұлттық көлік-коммуникациялық кешенін дамыту саласындағы қызметтердің әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін және Қазақстан аумағы арқылы тауар тасымалының өсуін арттыру республикамыз үшін басым міндеттер болып табылады.

«Қазтеміртранс» акционерлік қоғамы («Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның 100% еншілес компаниясы) – республика аумағында теміржол көлігімен жүк тасымалының 50%-дан астамын өз вагондарымен тасуды қамтамасыз ететін, Қазақстан Республикасындағы жүк вагондары паркінің ең ірі операторы.

«Қазтеміртранс» АҚ (бұдан әрі – Компания) бас компанияны жылжымалы жүк құрамымен қамтамасыз ету жөніндегі негізгі қызметімен қатар жүк вагондарын жөндеу және жаңарту сияқты қызметтерді жүзеге асырады, соның ішінде жеке вагон жөндеу депосы базасында көлік-экспедиторлық қызметтерін көрсетіп, жүк вагондарымен тасымалдайды.

Ірі көлік және логистикалық кәсіпорындар, өндіруші зауыттар, өндіруші компаниялар, шағын және орта бизнес кәсіпорындары Компанияның теміржол көлігімен тасымалдау саласындағы клиенттері болып табылады.

ҚАЗТЕМІРТРАНС

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

	Толық атауы	Қысқартылған атауы
Мемлекеттік тілде	**«Қазтеміртранс» акционерлік қоғамы**	**«ҚТТ» АҚ**
Орыс тілінде	**Акционерное общество «Қазтеміртранс»**	**АО «ҚТТ»**
Ағылшын тілінде	**Joint Stock Company «Kaztemirtrans»**	**JSC «KTT»**

ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ МЕН ПОШТАЛЫҚ МЕКЕНЖАЙЫ:

010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қонаев көшесі, 10,
«Изумрудный квартал» әкімшілік ғимараты, 9-15 қабаттар

МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ:

Қазақстан Республикасының Әділет
министрлігінде 21.10.2003 жылы тіркелген
Тіркеу № 14750-1901-АҚ

ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ – 63 000 000 000 теңге

НЕСИЕ РЕЙТИНГТЕРІ:

• «Standard & Poor's» халықаралық рейтинг агенттігі:
халықаралық шкала бойынша – «BBB-»
ұлттық шкала бойынша «kzAA»
болжам – «тұрақты»

• «Moody's Investors Services» халықаралық рейтинг агенттігі:
халықаралық шкала бойынша – «Ba1»
болжам – «тұрақты»

СЕРТИФИКАТТАРЫ::

ISO 9001:2008 сериялы сапа менеджменті стандарты жүйесі

ISO 14001:2004 сериялы экологиялық менеджмент стандарты жүйесі

OHSAS 18001:2007 сериялы кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау менеджменті жүйесі

БІЗДІҢ ТАРИХЫМЫЗ

2003 жыл	Қазақстан Республикасының теміржол көлігін реформалау нәтижесінде «Қазтемжолтранс» акционерлік қоғамы құрылды («Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның 100% еншілес компаниясы).
2004 жыл	Республика өңірлерінде филиалдардың ашылуы, Компанияның филиалдық желілерінің орналасқан жерлері ҚТЖ филиалдарының дислокациясымен сәйкес келеді.
2005 жыл	Көлік-экспедиторлық қызмет көрсету жөніндегі «Көлік қызметі орталығы» АҚ еншілес кәсіпорны ашылды.
2005 жыл	Ресей Федерациясында еншілес кәсіпорын ашылды (Мәскеу қ.).
2006 жыл	9001:2000 сериялы ISO халықаралық стандарттарына сәйкес Сапа менеджменті жүйесі (СМЖ) бойынша Компания сертификатталды.
2006 жыл	Үрімші қаласында өкілдік ашылды (ҚХР).
2007 жыл	Компанияның «Қазтемжолтранс» АҚ деген атауы ребрендинг нәтижесінде «Қазтеміртранс» АҚ атауына өзгертілді.
2007 жыл	ISO 14001 және OHSAS 18001 халықаралық стандарттарына сәйкес экологиялық менеджмент стандарты жүйесі мен кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау жүйесі бойынша сертификатталды.
2009 жыл	«Қазтеміртранс» АҚ мен « ЗИКСТО» АҚ арасында қазақстандық өндірушілер шығарған алғашқы 167 жартылай вагонды жеткізу туралы шартқа қол қойылды.
2009 жыл	«Қазтеміртранс» АҚ аймақтық филиалдарына ISO 9000 сапа менеджменті жүйесінің, ISO 14001 экологиялық менеджмент жүйесінің және OHSAS 18001 кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау жүйесінің халықаралық стандарттарына сәйкестік туралы сертификаттар табыс етілді.
2010 жыл	Еуропаның қайта құру және даму банкімен (ЕҚҚДБ) 250 млн. АҚШ долларына несие шартын жасасты. Қаражат Компанияның вагон паркін жаңарту мақсатында тартылды.
2010 жыл	MPLS технологиясын қолдану және IP-телефонияны ұйымдастыру арқылы деректер жіберудің корпоративтік желісі кеңейтілді.
2011 жыл	«Kazakhstan Temir Zholy Finance BV» («Қазтеміртранс» АҚ-ның еншілес компаниясы) 450 млн. АҚШ долл. сомасындағы еврооблигацияны ойдағыдай өтеді. Компанияның вагон паркін автоматты түрде басқару жүйесі (ҚТТ АБЖ) жөніндегі жоба енгізілді.

Компанияның міндеті – Қазақстан Республикасы көлік секторының тұрақты дамуына теміржол көлігімен жүк тасымалдау нарығының қажеттіліктерін сапалы түрде қамтамасыз ету арқылы көмектесу.

НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

- **Негізгі компанияның жүк вагон паркі арқылы тасымалдауды қамтамасыз етуі**
- **Вагондар паркін техникалық жарамды қалыпта ұстап тұру**
- **Көлік-экспедициялық қызмет көрсету**
- **Вагондарды пайдалану**

КОМПАНИЯНЫ БАСҚАРУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ

Ұлттық даму институттарының, ұлттық компаниялардың акциялары пакеттерінің ұзақ мерзімді құндылығын ұлғайтып әрі олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін басқару

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ

Қазақстандық теміржол әкімшілігі
Магистралдық теміржол желілерінің операторы
Теміржол көлігімен жүк тасымалдау

«Қазтеміртранс» АҚ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ 100% еншілес компаниясы
Жүк вагондары инвентарлық паркінің операторы

- **Еншілес және тәуелді ұйымдар**
- **Өкілдіктер**
- **12 аймақтық филиал**
- **Мамандандырылған филиалдар**

ЕНШІЛЕС, ТӘУЕЛДІ КОМПАНИЯЛАР, ӨКІЛДІКТЕР

ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАР

«Көлік қызметі орталығы» АҚ	- республикалық және халықаралық қатынастарда көлік-экспедициялық қызметтер көрсету - жекеменшік және қамтылған вагондар паркін пайдалану - «есіктен есікке дейін» сызбасы бойынша экспедиторлық қызмет көрсету - аралас тасымалдауларды ұйымдастыру - алмаспайтын ставкаларды беру - жүк вагондарының қозғалысын бақылауда ұстау
Kazakhstan Temir Zholy Finance B.V.	- теміржол саласының инвестициялық бағдарламаларын игеру үшін ақшалай қаражат тарту - еурооблигациялар шығару арқылы ақшалай қаражатты қарызға алу - банктік қаржыландыру
«Қазақстандық вагон жасау компаниясы» ЖШС	- Қазақстан Республикасында жүк вагондары өндірісін ұйымдастыру

ӨКІЛДІКТЕР

Қытай Халық Республикасы Үрімші қ. **Ресей Федерациясы Мәскеу қ.**	- тауар нарығын зерттеу - өңірдегі көлік қызметтері нарығын маркетингтік зерттеу - серіктестер іздеу әрі кәсіпорындармен, жүк жіберушілермен және жүкті алушылармен келіссөздер жүргізу - «Қазтеміртранс» АҚ мүддесін таныту

Компанияның аймақтық филиалдары географиялық белгі бойынша өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру үшін құрылған.

ФИЛИАЛДАР	
Көкшетау, Қостанай, Қарағанды, Павлодар, Семей, Алматы, Жамбыл, Шымкент, Қызылорда, Ақтөбе, Орал, Атырау қалаларында 12 аймақтық филиал орналасқан.	- вагондарды жөндеуге / жөндеуден беру және жинау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру; - жүк вагондарын жалға беру; - жүк вагондарының жоспарлы жөндеу түрлерінің орындалуын бақылау.
Балқаш, Құсмұрын, Орал, Арыс стансаларында вагон жөндеу деполары орналасқан	- жүк вагондарының жоспарлы жөндеу түрлерін орындау; - тораптарды, жүк вагондары құрылғыларын, 18-100 модельді арбаларды жаңғырту.
«Вагон паркі орталығы»	- жұмыстарды ұйымдастыру және өңірлік филиалдардың қызметін үйлестіру; - жүк вагондарының жөнделуін бақылау; - жүргізілген жөндеу жөніндегі құжаттарды қабылдау; - вагондарды жөндеу кезінде ауыстырылған бөлшектер мен тораптардың техникалық нормаларға сәйкестігін бақылау және тексеру; - есептен шығарылуға тиісті вагондардың құжаттамасына келісу; - тіркеуден ағытылған ААЖ вагондарға есеп жүргізу.
«Вагон операторының қызмет көрсету орталығы»	- жүк вагондарының пайдаланылуын ұйымдастыру; - вагон жөндеу базасын дамыту; - нормативтік техникалық құжаттарды әзірлеу; - жүк вагондары қозғалысының қауіпсіз тасымалдануын қамтамасыз етуге ықпал ететін мәселелерге талдау жасау; - инновациялық қызмет; - басқа да қызметтер.
«Ішкі әкімшілік орталығы»	- «ҚТТ» АҚ және оның филиалдарының қызметін материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету; - ақпараттық-есептеу кешенінің, инженерлік комму-никациялардың үздіксіз жұмысын ұйымдастыру және қамтамасыз ету; - ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

«КӨЛІК ҚЫЗМЕТІ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ

«Көлік қызметі орталығы» акционерлік қоғамы («ККО» АҚ) 2005 жылы құрылған, «Қазтеміртранс» АҚ-ның 100% еншілес кәсіпорны болып табылады.

«ККО» АҚ – кең ауқымдағы көлік қызметін көрсететін, меншікті жылжымалы құрамы бар ірі көлік-экспедиторлық кәсіпорындардың бірі. Компания құрылған күнінен бастап көлік-экспедиторлық секторда серпінді дами отыра, әртүрлі жүк тасымалдауға белсенді түрде қатысып келеді, 2011 жылғы қорытынды бойынша Қазақстанның жетекші экспедиторларының қатарына енді.

2011 жылы «ККО» АҚ өткен жылдармен салыстырғанда өндірістік көрсеткіштері айтарлықтай өсіп, негізгі қызметі бойынша табысы 1,5 есеге артты.

Қазақстан Республикасының Экономиканы жаңғырту жөніндегі мемлекеттік комиссиясы ҚР Премьер-министрі К.Қ. Мәсімовтің төрағалық етуімен «ККО» АҚ-ны 2011-2012 жылдары кезеңінде қазақстандық астықты тасымалдаушы жалғыз оператор деп анықтады. Компания қазақстандық астықты Ресей Федерациясы арқылы тасымалдау кезінде, Қытай Халық Республикасына тағайындап не оның аумағы арқылы транзиттеуде шыққан шығынды ішінара өтеу үшін 5 млрд. теңге бөлген болатын.

«ККО» АҚ жобаны іске асыру барысында шетелдік операторлар меншігіндегі 6150-ден астам хоппер-астық тасығышты шақырып, 1 млн.тоннадан астам бидай тасымалдады.

«ККО» АҚ 2011 жылы кеден өкілдерінің тізіліміне енді.

Қызметінің негізгі бағыты ҚР Кеден кодексінің 184-бабына сәйкес декларант ретіндегі «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ атынан «иесіз» жүктерге кедендік транзиттік декларацияларды ресімдеу болып табылады.

«ККО» АҚ-ның Достық және Сарыағаш шекара стансаларында екі өкілдігі бар.

IT-ТЕХНОЛОГИЯЛАР

2011 жылы «Қазтеміртранс» АҚ-ның ақпараттық технологияларын дамыту аясында мынадай автоматтандыру жобаларын енгізу жөніндегі жұмыстар аяқталды:

1 «MPLS технологиясын қолданып, IP-телефонияны ұйымдастыру арқылы деректер беретін корпоративтік желіні кеңейту»

Бірыңғай корпоративтік телекоммуникациялық кеңістікті кеңейту мақсатында 2011 жылы үш вагон жөндеу депосы мен вагон паркінің он сегіз бөлімінде мәліметтерді жедел түрде бере алатын қажетті жабдық орнатылды. Осылайша, мәліметтер беретін корпоративтік желі Компанияның барлық он екі аймақтық филиалын, төрт вагон депосын және вагон паркінің жиырма екі бөлімін қамтиды.

Жоба Компанияның Қазақстан аумағындағы барлық «географиясы» бойынша бірыңғай корпоративтік ақпараттық кеңістік құруға мүмкіндік береді. Осыған сәйкес Интернет қызметінежәнеКомпанияныңорталықаппаратымен оныңалыстаорналасқанбөлімшелерінің арасында ішкі телефонмен сөйлесуге шығатын шығындарды қысқарту есебінен үнемдеуге қол жеткізілді. Сонымен бірге Компанияның алыста орналасқан бөлімшелеріне енгізілуі мүмкін басқа да автоматтандыру жобаларын жүзе асыруға арналған ауқымды база құрылды.

Мәліметтер берудің корпоративтік желісін дамыту жөніндегі жобаның соңғы сатысын 2012 жылы аяқтау жоспарланып отыр, оның аясында Компанияның барлық аумақтық бөлінген құрылымын қамтуға мүмкіндік беретін аймақтық филиалдардың вагон парктері бөлімдерінің бүкіл желілік бөлімшелері іске қосылатын болады.

2 «Қазтеміртранс» АҚ жүк вагондарының техникалық жай-күйін басқаратын автоматтандырылған жүйені дамыту»

Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар негізінде серпінді нарық жағдайындағы вагон паркінің операторы ретіндегі Компанияның тиімді қызмет етуін ұйымдастыру үшін «Қазтеміртранс» АҚ жүк вагондарының техникалық жай-күйін басқаратын қолданыстағы автоматтандырылған жүйені дамыту жөніндегі жоба енгізілді. Нәтижесінде вагондарды пайдалану қызметтерін орындауға қажетті технологиялық және коммерциялық ақпараттардың толық тізбесін беретін, сонымен қатар осы ақпараттарды өңдеп, талдау жасау жылдамдығын арттыратын ішкі жүйе енгізілген болатын.

2012 жылы жобаны әрі қарай да дамыту шеңберінде ақпарат беру жүйесіндегі негізгі дереккөз болып табылатын вагон паркінің он сегіз бөліміндегі жүк вагондарының техникалық жай-күйін басқаратын автоматтандырылған жүйені көбейту, сонымен бірге жүйені Компанияның бөлімшелерінен келіп түсетін техникалық ұсыныстардың негізінде жөндеу жоспарланып отыр.

3 «Технологиялық үдерістерді және «Қазтеміртранс» АҚ вагон жөндеу кәсіпорындары жүргізетін жөндеулердің сапасын автоматты басқару жүйесін енгізу»

Бұл жүйе технологиялық құжат айналымының толық кезеңін автоматтандыру, жүк вагонына жүргізілетін жөндеу жұмыстарын жүргізу, есепке алу және бақылау, жөндеуден өткен жүк вагонының әрі қарай пайдалануға берілуі мен жүргізілген жөндеудің сапасына талдау жасау мақсатында енгізілген болатын. Компанияның «Орал вагон жөндеу депосы» филиалы автоматтандыру нысаны ретінде таңдалып алынды. Жоба аясында компьютер жабдықтары жаңартылып, вагон жөндеу депосының цехтарында өнеркәсіптік компьютерлер орнатылды.

Жобаны әрі қарай дамыту арқылы Компанияның басқа да үш вагон жөндеу депосына осы жүйені енгізуді жөн деп есептейміз. Бұл Компанияның барлық вагон жөндеу депосын автоматтандыруға және компьютерлік инфрақұрылымдарын жаңартуға, сонымен бірге шешімдер қабылдау үшін толыққанды есептік ақпаратты беруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Аталған IT-жобаларды іске асыру Компанияның болашақтағы ақпараттық дамуы үшін берік, қазіргі заманға сай негізді құруға мүмкіндік береді.

ҚАЗТЕМІРТРАНС

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

«Қазтеміртранс» акционерлік қоғамындағы корпоративтік басқару әділдік, адалдық, жауапкершілік, анықтық, кәсібилік және құзыреттілік негіздерінде құрылады. Корпоративтік басқару жүйесі барлық мүдделі тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді жөн санайды, Компания үшін өте қиын тәуекелдерді дер мезгілінде анықтауға және оларды тиімді басқаруға мүмкіндік береді, Компанияның табысты қызметіне, соның ішінде оның құндылығының өсуіне, қаржы тұрақтылығы мен пайданың түсуіне қолдау көрсетеді.

Компания корпоративтік басқару жүйесін Жалғыз акционердің мүдделерін қорғау, барлық мүдделі тұлғалармен өзара теңдестірілген қарым-қатынас жасау және қызметінің тиімділігін арттыру құралы ретінде қарастырады.

Корпоративтік басқарудың негізге алынатын қағидаттары мыналар болып табылады:

- Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
- Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқарманы тиімді басқару қағидаты;
- Компанияның дербес қызметі қағидаты;
- ақпараттың анық және объективті ашылу қағидаты;
- заң және әдеп қағидаттары;
- тиімді дивидендтік саясат қағидаттары;
- тиімді кадр саясаты қағидаттары;
- қоршаған ортаны қорғау қағидаты;
- корпоративтік даулар мен мүдделер қақтығысын ретке келтіру саясаты;
- жауапкершілік қағидаты.

Корпоративтік басқарудың негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

► стратегиялық жоспарлау, мониторинг және ішкі бақылау жүргізу жүйесін жетілдіру;

► Компания туралы, соның ішінде оның қаржы жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, меншік және басқару құрылымы жайлы ақпараттардың өз уақытында ашылуын қамтамасыз ету;

► Компанияның тиімді қызмет етуін есептілік, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау тетіктері жүйесін жетілдіру есебінен арттыру;

► басқару тиімділігін арттыру және Компанияның аса маңызды ресурсы ретіндегі қызметкерлер құрамын дамыту, әлеуметтік мәселелерді шешіп, еңбек шарттарын реттеуде Компания мен қызметкерлер арасындағы серіктестік қарым-қатынасты дамыту;

► мүдделі тұлғалармен белсенді ынтымақтастық орнату және т.б.

Компанияның Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес корпоративтік басқару қағидаттарын енгізуге бағытталған маңызды іс-шаралар арасында Директорлар кеңесінің «Қазтеміртранс» АҚ Корпоративтік басқару кодексін енгізу жөніндегі Жоспарын бекітуін атап өтуге болады.

Корпоративтік басқару кодексін енгізу жөніндегі жоспарға сәйкес корпоративтік басқарудың ішкі құжаттары, атап айтқанда: Іскерлік әдеп кодексі, Корпоративтік дауларды ретке келтіру саясаты, Елеулі корпоративтік оқиғалар саласындағы саясат, Ақпаратты қорғау туралы ережелері, Еншілес ұйымдарға қатысты дивидендтік саясаты, Тәуекелдерді басқару саясаты, Ақпараттық саясаты бекітілді.

2012 жылы Компания корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жалғастыратын болады.

КОМПАНИЯНЫҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қоғамның органдары төмендегілер болып табылады:

1 Жоғары орган –
Жалғыз акционер
(«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы).

2 Басқару органы –
Директорлар кеңесі, құзыреті –
Компания қызметіне жалпы басшылық жасау және Басқарманың қызметін бақылау.

3 Атқарушы орган –
Басқарма, құзыреті –
Компания Басқармасының төрағасы басқаратын Компанияның ағымдағы қызметіне басшылық жасау.

Басқару органы мен атқарушы органның құзыреттері Компанияның Жарғысымен белгіленген.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі ұзақ мерзімді болашаққа стратегиялық мақсаттарды, дамудың басым бағыттарын, қызметтің негізгі бағдарларын анықтайтын, қойылған мақсаттарды жүзеге асыру үшін қажетті қаржы және адам ресурстарының болуын қамтамасыз ететін, сонымен бірге даму жоспарлары мен бюджетті бекітіп, дұрыстық, тиімділік, белсенділік, ақ ниеттілік, адалдық, жауапкершілік және дәлдік қағидаттарын негізге алатын Компанияның басқару органы болып табылады.

Директорлар кеңесі өз қызметінде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Компания Жарғысын, Корпоративтік басқару кодексін және басқа да ішкі құжаттарды басшылыққа алады.

Директорлар кеңесі 6 мүшеден тұрады, оның екеуі тәуелсіз директорлар болып табылады.

Қизатов Ермек Әнуарбекұлы

2009 жылғы 5 маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін Директорлар кеңесінің төрағасы, Компанияның Тағайындаулар жөніндегі комитетінің мүшесі. Лауазымы: «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ вице-президенті. Техника ғылымдарының докторы.

Лепесбаев Алмас Мұратұлы

2009 жылғы 5 маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін Директорлар кеңесінің мүшесі, Сыйақылар жөніндегі комитет мүшесі. Лауазымы: «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Экономика жөніндегі атқарушы директоры. Экономика ғылымдарының кандидаты.

Огай Евгений Павлович

2010 жылғы 23 желтоқсаннан бастап қазіргі уақытқа дейін Директорлар кеңесінің мүшесі. Лауазымы: «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Активтерді басқару жөніндегі департаментінің бас менеджері.

Жайсаңбаев Шағдарбек Нақыпбекұлы

2010 жылғы 23 желтоқсаннан бастап қазіргі уақытқа дейін Директорлар кеңесінің мүшесі. Лауазымы: «Қазтеміртранс» АҚ Басқарма төрағасы (Президент).

Мәдиева Гүлмайра Құрманғалиқызы

2009 жылғы 5 маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін Тәуелсіз директор, Сыйақылар жөніндегі комитет төрағасы, Тағайындаулар жөніндегі комитет мүшесі.

Смаилов Ерлан Бәйкенұлы

2010 жылғы 23 желтоқсаннан бастап қазіргі уақытқа дейін Тәуелсіз директор, Тағайындаулар жөніндегі комитет төрағасы, Директорлар кеңесінің Сыйақылар жөніндегі комитеті мүшесі.

2011 жыл ішінде Компанияның Директорлар кеңесі 63 мәселе қарастырған 17 мәжіліс өткізді. Директорлар кеңесінің мәжілістері жұмыс жоспарына сәйкес өткізілді. Директорлар кеңесінің жұмыс жоспары 2011 жылғы 7 ақпандағы № 1 хаттама шешімімен бекітілді.

Жыл бойы Директорлар кеңесінің мәжілістерінде мерзімді негізде бюджетті түзету, ішкі құжаттарды бекіту, есептерді, Басқарма құрамындағы өзгерістерді қарастыру, Компанияның мүдделілігі бар мәмілелер жасау сияқты мәселелер қаралды.

Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуымен бюджетті түзетуді бекіту мәселелері бойынша, Жалғыз акционердің тапсырмаларын орындау жөнінде және т.б. жұмыс кеңестері өткізілді.

Компанияның Директорлар кеңесі жанында Тағайындаулар жөніндегі комитет пен Сыйақылар жөніндегі комитет жұмыс істейді. Комитеттер әзірлеген барлық ұсыныстар Директорлар кеңесінің қарауына жіберілетін ұсынымдар болып табылады.

2011 жылы Тағайындаулар және Сыйақылар жөніндегі комитеттер бір жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес 6 мәжіліс өткізді.

Тағайындаулар жөніндегі комитет Директорлар кеңесі мен Басқарма құрамына және Директорлар кеңесі тағайындайтын немесе тағайындалуы келісілетін Компаниядағы басқа да лауазымдарға білікті мамандарды тарту жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында құрылған.

Компанияның Директорлар кеңесі Тағайындаулар жөніндегі комитетінің мүшелері:

1. **Смаилов Е.Б.** – Комитет төрағасы – Тәуелсіз директор
2. **Қизатов Е.Ә.** – Комитет мүшесі – Директорлар кеңесінің төрағасы
3. **Мәдиева Г.Қ.** – Комитет мүшесі – Тәуелсіз директор.

Сыйақылар жөніндегі комитет Директорларға, Басқарма мүшелеріне және Директорлар кеңесі тағайындайтын немесе тағайындалуы келісілетін Компаниядағы басқа да қызметкерлерге сыйақылар беру жөнінде Директорлар кеңесіне ұсыныстар әзірлейді.

Компанияның Директорлар кеңесі Сыйақылар жөніндегі комитетінің мүшелері:

1. **Мәдиева Г.Қ.** – Комитет төрағасы – Тәуелсіз директор
2. **Лепесбаев А.М.** – Комитет мүшесі – Директорлар кеңесінің мүшесі
3. **Смаилов Е.Б.** – Комитет мүшесі - Тәуелсіз директор.

Компанияның Тәуелсіз директорлары Мәдиева Гүлмайра Құрмангалиқызы мен Смаилов Ерлан Бәйкенұлы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының тәуелсіздік өлшемдеріне толығымен сәйкес келеді, сонымен бірге басқару және кең ауқымдағы мәселелерге, соның ішінде қаржы, заң, корпоративтік басқару жайлы кеңестер беруге қажетті тәжірибелері бар.

Компанияның Тәуелсіз директорлары Компанияның Директорлар кеңесі жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіткеннен кейінгі бір ай ішінде тиісті күнтізбелік жылғы жұмыс кезеңіне сәйкес жылына бір рет ақшалай сыйақы алады. Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылар мен өтемақылар төлеу шарттары және тәртібі Жалғыз акционердің шешімімен белгіленді.

2011 ЖЫЛҒЫ «ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ БАСҚАРМАСЫ

Жайсаңбаев
Шағдарбек Нақыпбекұлы
Басқарма төрағасы

Отарбеков
Амангелді Жұмагелдіұлы
Өндіріс жөніндегі вице-президент

Елубаев
Санжар Бақытұлы
Экономика және қаржы жөніндегі вице-президент

Солтанбаев
Дастан Хасенұлы
Дамыту жөніндегі вице-президент

Өмірзақов
Ерлан Ерболатұлы
Өндірісті қамтамасыз
ету жөніндегі атқарушы директор

Қайрешева
Мира Владимировна
Экономика және қаржы жөніндегі
атқарушы директор

Қасенов
Гайдар Қабдоллаұлы
Дамыту жөніндегі атқарушы директор

Мұқашев Мекенбай
Вагон паркін жөндеу жөніндегі
атқарушы директор

Айтжанов
Аманбай Мұталұлы
Бас инженер

Есмұхамбетов
Әділжан Әбілқайырұлы
Атқарушы директор

Өзенбаев
Мейрамалы Нүскенұлы
Бас бухгалтер

ҚАЗТЕМІРТРАНС

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

•

НЕГІЗГІ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР



«Қазтеміртранс» АҚ тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесі «ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымдарындағы тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыру жөніндегі Ұсыныстарға сәйкес жүзеге асырылады, соған сәйкес тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесін енгізу мен жетілдіру COSO «Тәуекелдерді корпоративтік басқару – «Интеграцияланған модель» (2004) үлгісіне сай жүзеге асырылуы керек.

«Қазтеміртранс» АҚ Басқармасының 2010 жылғы 24 мамырдағы шешімімен тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау бойынша өткізілген іс-шараларға сәйкес әрбір тәуекелдің айтарлықтай маңыздылығын бағалауға (басқа тәуекелдермен салыстырғанда), сонымен бірге қауіпті болып табылатын және оларды басқару жөніндегі іс-шаралардың әрі қарай әзірленуін қажет ететін тәуекелдерді ажыратуға мүмкіндік беретін Компанияның тәуекелдер тізілімі мен картасы бекітілді.

«Қазтеміртранс» АҚ Басқармасының 2010 жылғы 7 желтоқсандағы шешімімен 2010-2011 жылдарға арналған жүйелі есептілік негізінде ағымдағы тәуекелдерге мониторинг жүргізіліп, негізгі тәуекелдерге орай әрекет ету шараларының орындалуы бақыланатын Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілген болатын.

Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі 2011 жылғы жұмысы тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесін ең үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес жүргізуге бағытталды. Осыған байланысты мынадай іс-шаралар жүргізілді:

- қаржы тәуекелдерін азайту мақсатында «Қазтеміртранс» АҚ Пайыздық және валюталық тәуекелдерді сақтандыру саясаты әзірленіп бекітілді. Қазіргі уақытта Компанияның қаржы тәуекелдерін сақтандыру құралдарын пайдалану жөніндегі мақсатты жұмыстар жүргізіліп жатыр;
- тәуекелдерді басқару үдерісін бақылап, оның тиімділігінің жағдайын бағалау мақсатында Компанияда тәуекелдерді басқару жүйелерін бағалауға арналған Тиімділік көрсеткіштері әзірленіп бекітілді;
- корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру аясында Компанияның Тәуекелдер мен корпоративтік деңгейін бақылау матрицасы бекітілді, сонымен қатар ішкі бақылау жүйесін және қаржы есептілігін дайындау үдерісін жетілдіру жөніндегі жоба шеңберінде Компанияның негізгі есепке алу бөлімшелері бойынша Тәуекелдер мен бақылау матрицасы қайта қаралды;
- Компанияны сақтандыруды ұйымдастыру мен қамтамасыз ету аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының Сақтандыру бағдарламасына сәйкес тәуекелерді сақтандырудың корпоративтік бағдарламасы бойынша тиісті жылға жұмыс жүргізілді.

Компания «Қаржы тәуекелдерін басқарудың қаржы құралдары, мақсаттары және саясаты» ескертпесін тиісті жылға жүргізілген аудиттелген шоғырланған қаржы есептілігі пішімінде ашып көрсетеді.

НЕГІЗГІ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

Жүк вагон паркінің тасымалдауды қамтамасыз етуі

Компанияның жүк вагондары паркінің негізгі жұмыс көлеміне «ҚТЖ» ҰК» АҚ жүк тасымалдауын қамтамасыз ету жатады және ол шамамен 95% құрайды. Қалған 5%-на жақтас ұйымдарға вагондарды жалға беру және бағыттар бойынша жүктердің жеке тасымалдануын қамтамасыз ету жатады.

тәулігіне мың вагон

Көрсеткіш атауы	2010 жыл	2011 жыл
«ҚТЖ» ҰК» АҚ жүк вагон паркінің тасымалдауды қамтамасыз етуі	15 441	15 366
Жақтас ұйымдарға вагондарды жалға беру	764	742
Барлығы	16 205	16 108

Вагондар паркін техникалық жарамды қалпында ұстау

Компания өзінің негізгі қызметі – жүк вагондарымен тасымалдауды қамтамасыз етуді орындау мақсатында жүк вагондары инвентарлық паркін техникалық жарамды қалпында ұстау жөнінде жұмыс жүргізеді. Компания жыл сайын жүк вагондарын жөндеу жоспарын белгілейді. Жоспарлы түрдегі жөндеу жұмыстарын вагондарға жөндеу жүргізу шарттарына сәйкес жөндеу жүргізетін жақтас кәсіпорындар, сонымен қатар Компанияның филиалдары – вагон жөндеу деполары (ВЖД) жүзеге асырады.

2011 жылғы жүк вагондарына жоспарлы түрде жүргізілген жөндеу жұмыстарының нақты орындалуы:

Депода жөнделгені (ДЖ)	18 067 вагон
Күрделі жөнделгені (КЖ)	1 507 вагон

Пайдалы қолдану мерзімін ұзарту арқылы күрделі жөндеу жүргізу

Соңғы жылдары барлық күш пен қаржы салымдары пайдалы қолдану мерзімін ұзарту арқылы вагондарға күрделі жөндеу жүргізуге (ПКЖ) бағытталып жатыр.

2011 ж.	2003–2011 жж.
1 273 вагонның қызмет ету мерзімі ұзартылды:	**7400 жүк вагоны қайта қалпына келтірілді:**
ПКЖ жабық – 120	жабық – 617
ПКЖ жартылай вагон – 800	платформ – 1 229
ПКЖ цистерн – 200	жартылай вагон – 5 166
ПКЖ астық тасығыш – 80	цистерн – 235
ПКЖ хоппер-мөлшерлегіш – 73	астық тасығыш – 80
	хоппер-мөлшерлегіш – 73

Жүк вагондары паркін жаңарту

Компания құрылғаннан бергі 2004-2011 жылдар аралығында 16 610 вагон сатып алынды:

- жабық – 3464
- жартылай вагондар – 10869
- фитингтік платформалар – 1296
- контрейлерлер – 50
- цистерналар – 872
- әмбебап платформалар – 59

2011 жылы 7 059 жүк вагоны сатылып алынды:

- жабық – 1970
- жартылай вагондар – 4024
- цистерналар – 370
- фитингтік платформалар – 636
- әмбебап платформалар – 59

Жүк вагондары паркін жаңарту «Қазтеміртранс» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 2011 жылғы 26 шілдедегі шешімімен (№ 11 хаттама) бекітілген Компанияның шоғырландырылған инвестициялық бюджетіне сәйкес жүзеге асырылды.

Отандық тауар өндірушілерге қолдау көрсету мақсатында 2011 жылы «Қазақстандық вагон жасау компаниясы» ЖШС шығарған 5 жартылай вагон және «Аралвагон» ЖШС шығарған 36 фитингтік платформа сатылып алынды.

Вагондардың қолданыстан шығарылуы

2011 жылы Компанияның инвентарлық паркінен 4395 жүк вагоны қолданыстан шығарылды.

Инновациялық қызмет

Компанияда 2009–2013 жылдарға арналған Инновациялық даму бағдарламасы әзірленді, оның аясында жүк вагондарын, олардың тораптарын және бөлшектерін жөндеу мен жаңартудың жаңа ресурс жинақтаушы технологияларын мақсатты бағытта таңдау әрі енгізу, сондай-ақ жөндеу үдерістерін автоматтандыру жүзеге асырылады.

2010 жыл мен 2020 жыл аралығында қызмет мерзімін ұзарту арқылы жоспарлы түрдегі жөндеу, күрделі жөндеу кезінде жүк вагондарын жаңғыртудың бағдарланған экономикалық әсері есептелген.

Вагон тораптарының атауы	Техникалық әсер	Экономикалық әсер
Тозу төзімділігі элементтері бар жүк вагондары арбаларын жаңғырту	Жөндеуаралық жолдың 6,25 есе, яғни 1 млн. шақырымға дейін артуы. Арбалардың ақаулары бойынша ААЖ жүк вагондарын тіркеуден ажырату санын қысқарту	Бір вагонға шығындарды азайту 730 мың теңгеге дейін
Автотежегіш жабдықтарын жаңғырту	Жөндеуаралық мерзімін 4 есеге ұлғайту. Тежегіш жабдықтың ақаулары бойынша ААЖ жүк вагондарын тіркеуден ажырату санын қысқарту	Бір вагонға шығындарды азайту 80 мың теңгеге дейін
Дөңгелек жұптарын жаңғырту	Дөңгелек жұптарының ресурсын 1,5 есеге ұлғайту. Дөңгелек жұптарының ақаулары бойынша ААЖ жүк вагондарын тіркеуден ажырату санын 6 есеге қысқарту	Бір вагонға шығындарды азайту 350 мың теңгеге дейін
Автотіркеуіш жабдықтарын жаңғырту	Жөндеуаралық кезеңді ұзарту. Автотіркеуіш құрылғысының ресурсын 4 есеге ұлғайту. ААЖ жүк вагондарын тіркеуден ажырату санын қысқарту	Бір вагонға шығындарды азайту 150 мың теңгеге дейін

Күрделі салымдар бағдарламасының аясында 2011 жылы Компанияның вагон жөндеу кәсіпорындарының жабдықтарын жаңарту және жаңғырту жөніндегі жұмыстар жүргізілді.

Арыс, Орал, Құсмұрын және Балқаш стансаларындағы төрт вагон жөндеу депосын қайта жарақтау үшін 2011 жылы 800 млн. теңгеден астам қаржы салынды.

ҚАЗТЕМІРТРАНС

ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Компанияның 2011 жылдың соңындағы кірісі 75,4 млрд теңгені құрады.

Таза кіріс 1,6 млрд теңгеге ұлғайып, 2012 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 14,8 млрд теңгені құрады (2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша – 13,2 млрд теңге).

Кіріс құрылымында жүк вагон паркінің тасымалдауынан түскен табыстың үлесі басым (76 %). Қалған бөлігі (24 %):

- экспедиторлық қызметтен түскен кірістің;
- вагон паркін пайдаланудан түскен кірістің;
- қаржыландырудан және т.б. түскен кірістің еншісінде.

Шығындар құрылымында ең үлкен үлесті жүк вагондарын жөндеуге кеткен шығындар (34 %), негізгі құрал-жабдықтар мен бейматериалдық активтердің тозуына жұмсалған шығындар (16 %) және қарыздарды пайдалануға кеткен шығындар (26 %) алады. Сонымен бірге шығындар құрылымын мыналар құрайды:

- әкімшілік шығындар
- салықтар бойынша шығындар
- вагондарды күзету бойынша шығындар мен басқа да шығындар.

АКТИВТЕР, МЕНШІКТІ КАПИТАЛ

Компанияның активтері 2011 жылы 36,7 млрд теңгеге артып, 392,3 млрд теңгені құрады (2010 жылы 355,6 млрд. теңгені құраған).

Компанияның меншікті капиталы 2011 жылы 12,9 млрд теңгеге артып, 109,7 млрд теңгені құрады (2010 жылы 96,8 млрд. теңгені құраған).

Коэффициенттер	Өлшем бірлігі.	2010 жыл	2011 жыл	Ауытқу
EBITDA (Пайдаға салынатын салық төленгенге дейінгі табыс + Қарыздар бойынша пайыздар + Тозу бойынша аударымдар)	млн. теңге	38 101	44 234	6 133
ROACE (Салынған капиталдың пайдалылығы = (Таза табыс + Салық қалқанына түзетілген пайыздар бойынша шығыстар) /(Меншікті капиталдың орта есепті бағасы + Пайыздық міндеттемелер)	%	7,88	8,08	0,20
ROA (Активтердің пайдалылығы = Таза табысход / Активтер)	%	3,71	3,77	0,06
Ағымдағы өтімділік коэффициенті (ағымдағы активтер / ағымдағы міндеттемелер)	пункттер	1,49	1,98	0,49

EBITDA - 2011 жылдың қорытындысы бойынша тозу мен шығыстар бойынша пайыздар шығысын ескере отырып, салықтар төленгенге дейінгі табыс таза кірістің, қарыздар бойынша пайыздарды төлеу жөніндегі тозудың және шығыстардың өсуіне байланысты артты.

ROACE - салынған капиталдың табыстылығы инвестициялардың тиімділігін сипаттайды. 2011 жылы осы көрсеткіштің өсімі Қоғамның таза табысының, меншікті капиталының және пайыздық міндеттемелерінің артуымен байланысты болды.

ROA - 2011 жылы Қоғамның таза табысының өсуіне байланысты активтердің табыстылығы артты.

Ағымдағы өтімділіктің коэфициенті 2011 жылы 1,0 нормативтік мәндегі 1,98 құрап, 2010 жылмен салыстырғанда, 2011 жылғы мамырдағы қарызды өтеуге байланысты көбейді.

КОРПОРАТИВТІК ҚАРЫЗДАР

2011 жылғы 13 сәуірде Компания мен «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ арасында 60 млрд. теңге сомасына Несие шарты жасалды. Аталған ақшалай қаражат толық көлемде алынды. Компания 2011 жыл ішінде қозғалғыш құрамды жаңарту жөніндегі инвестициялық бағдарламалар аясында жүк вагондарын сатып алды.

2011 жылғы мамырда «Қазтеміртранс» АҚ-ның еншілес ұйымы Kazakhstan Temir Zholy Finance B.V. 450 млн. АҚШ долл. сомасындағы еурооблигацияны табысты өтеді, оны шығару аясында Компания 2006 жылы қозғалғыш құрамды жаңарту мен жаңғырту үшін 212 АҚШ долл. сомасына қарыз алған болатын.

Компания 2011 жыл ішінде төмендегі шаралар шеңберінде қарызға алынған қаражатты игеруді жүзеге асырды:

- 29.03.2010 ж. Компания мен Еуропа қайта құру және даму банкі (ЕҚҚДБ) арасында 50 млн. АҚШ долл. сомасына Қарыз алу шарты;
- 06.10.2010 ж. Компания, «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «Локомотив» АҚ және Kazakhstan Temir Zholy Finance B.V. араларында 700 млн. АҚШ долл. сомасына Қарыз алу топішілік шарты (оның аясында Компанияға 290 млн. АҚШ долл. сомасына қарыз тартылды);
- 01.12.2010 ж. Компания мен ЕҚҚДБ арасында 200 млн. АҚШ долл. сомасына Қарыз алу шарты.

2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Компания Kazakhstan Temir Zholy Finance B.V. 2010 жылы алынған қарыз бойынша екінші купон сыйақысын төледі.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

2011 жылы күрделі салымдар көлемі 99,8 млрд. теңгені құрады. Бұл қаражат:

- жүк вагондар паркін жаңартуға (жаңа вагондар сатып алуға, пайдалы қолданыс мерзімін ұзарту арқылы күрделі жөндеу жүргізуге);
- Компанияның филиалдары вагон жөндеу деполарын жарақтау үшін технологиялық жабдықтар сатып алуға;
- «Қазтеміртранс» АҚ Директорлар кеңесінің 26.07.2011 ж. № 11 хаттама шешімімен бекітілген күрделі салымдардың шоғырландырылған жоспарына сәйкес Компанияның қызметін жүргізуге қажетті нысандық емес жабдықтар мен өзге де негізгі қорларды сатып алуға жұмсалды.

Компания 2011 жылы жүк вагондар паркін жаңарту жобалары бойынша жалпы сомасы 87,2 млрд. теңгені құрайтын 7 059 жүк вагонын сатып алды.

ҚАЗТЕМІРТРАНС

ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ КАДРЛЫҚ САЯСАТ

К А З А Х С Т А Н

Компанияның әлеуметтік және кадрлық саясаты «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ кадрлық және әлеуметтік саясатының негізгі бағыттарын іске асыру аясында жүзеге асырылады.

Компания қызметтерінің ерекшеліктерін ескере отырып, адам ресурстарын басқару саясаты тиімді қызметке бағдарланған кәсіби кадрларды жұмысқа тартуға әрі олардың жұмыста тұрақтап қалуларына, жоғары сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге, талап етілген өндірістік көрсеткіштерді орындауға, Компанияның құбылмалы нарық талаптарына сай дамуына бағытталған.

САПАЛЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚҰРАМЫ

Компания жұмыскерлерінің орташа жасы – **37 жас**

Қызметкерлер құрамының теміржол көлігі саласындағы орташа жұмыс өтілі – **10,5 жыл**

Компания есебінде **89 зейнеткер** есепте тұрады.



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚҰРАМЫН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ТАҢДАУ

Компаниядағы 2011 жылғы қызметкерлер құрамына талдау жасау «жұмысшы» санатындағы негізгі құрам арасынан жұмыскерлердің жұмыста тұрақтамауының 2010 жылмен салыстырғанда 15,6%-ға азайғанын көрсетеді.

Өндірісті және қызметкерлер құрамын тиімді басқару қызметін бағалау кадрлардың тұрақтылығына байланысты болып табылады. Компаниядағы кадрлар тұрақтылығының көрсеткіші 78,8% құрады. Бұл көрсеткіш қызметкерлердің негізгі тобын 5 жылдан астам жұмыс өтілі бар мамандардың құрайтынын, олардың айналасына Компанияның қалған жұмыскерлер құрамы шоғырланатынын көрсетеді.

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ топтарының Бірыңғай кадрлық резервін қалыптастыру жүйесі» жобасын Қор мен оның еншілес ұйымдары үшін іске асыру аясында, басқару кадрларын дамыту, сонымен бірге кадрлық тағайындаулардың тиімділігін арттыру мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ және «ҚТТ» АҚ-да компаниялардың кадрлық резервін қалыптастыру әрі дамыту жөніндегі жұмыс жүргізілді.

Компанияның бағалау сатысының қорытындылары бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ кадрлық резерві бағдарламасына, әрі қарай «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ топтарының Бірыңғай кадрлық резерві бағдарламасына қатысу үшін 7 жұмыскер ұсынылды.

2012 жылғы 1 қаңтарда 13 жұмыскер Компанияның кадрлық резервіне есепке алынды.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚҰРАМЫН ДАМЫТУ

Өндірісті техникалық жағынан сауатты мамандармен қамтамасыз ету, көлік қызметін көрсетудің өндірістік үдерістері саласындағы, автоматты басқару жүйесіндегі қызметкерлер құрамын алдыңғы қатарлы салалық технологиялармен оқытуды дамыту мақсатында жыл сайын бюджеттен қызметкерлер құрамын дамытуға қаражат бөлу жоспарланады.

2011 жылы біліктілікті көтеру мен оқытуға арналған жоспарланған бюджет шығыстары аясында:

- әкімшілік-басқару қызметкерлер құрамының 175 жұмыскері кәсіби біліктіліктерін көтерді;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның «Теміржол көлігі жұмыскерлерін оқыту орталықтары» филиалдарында Компанияның 55 желілі жұмыскері кәсіби білімдерін жетілдірді.

2011 жылғы қызметкерлер құрамының біліктіліктерін көтеру мен оқытуға кеткен шығыс 13 313 000 теңгені құрады.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Қызметкерлер құрамының қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында әлеуметтік саясат мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді. Ағымдағы жылдың шығыстарына жүргізілген мониторинг мәліметтері негізінде қызметкерлер құрамының өсіп отыратынын ескере келіп, жыл сайын осы мақсатқа Компания бюджеті шығыстарынан медициналық сақтандыру, медициналық қызмет көрсету, тұмауға қарсы вакцина егу, жұмыскерлер балаларының демалысы, материалдық көмек, шипажайларға емделу, жаңа жылдық ертеңгіліктер, сыйлықтар және т.б. сияқты әлеуметтік пакетке қаражат қарастырылады.

2011 жылы аталған бағытта мынадай іс-шаралар өткізілді:

- Қазақстан Республикасының аумағындағы балалар денсаулықтарын сауықтыру кешендерінде Компания жұмыскерлерінің 280 баласы демалып, денсаулықтарын түзеді;
- Компания жұмыскерлерінің 1 058 баласы үшін жаңа жылдық ертеңгіліктер өткізіліп, оларға арналып жаңа жылдық сыйлықтар сатып алынды;
- 1 300 жұмыскерге ерікті медициналық сақтандыру арқылы медициналық көмек көрсетілді;
- 839 жұмыскер кезекті медициналық тексеруден өтті;
- күзгі кезеңде 890 жұмыскерге тұмауға қарсы вакцина егу жұмыстары жүргізілді;
- 347 жұмыскерге Қазақстан Республикасының емдеу-сауықтыру орталықтарына жолдамалар берілді;
- 11 жұмыскерге материалдық көмек көрсетілді.

Корпоративтік мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар үнемі өткізіліп тұрады. Жұмыскерлер үшін де, олардың отбасы мүшелері үшін де (25 адам) фитнес-клубтарға бару, спорттық жарыстар мен турнирлерге қатысу ұйымдастырылған. Корпоративтік іс-шаралар тек Компания қызметкерлеріне ғана емес, сонымен қатар олардың балалары үшін де өткізіліп тұрады. Балаларды қорғау күніне арналып «Теміржолға балалар көзімен қарайық» атты балалар шығармашылығына арналған байқау өткізілді.

Компанияда өз қызметінде Компанияның Жастар саясатының негізгі бағыттарын үйлестіретін Жастар ісі жөніндегі кеңес жұмыс істейді.

ҚАЗТЕМІРТРАНС

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ

2011 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУ МЕН НЫСАНДАРЫН БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚТЫҢ ҚҰПТАУ МӘЛІМДЕМЕСІ

Басшылық 2011 ж. 31 желтоқсанына «Қазтеміртранс» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Компания») және оның еншілес ұйымдары (бұдан әрі бірге аталатын – «Топ») қаржылық жағдайын, сонымен бірге оның каржы нәтижелерін, осы күнге аяқталған жыл ішіндегі капиталдағы өзгерістер мен ақша каражаттарының қозғалысын Халықаралық шоғырландырылған каржы есептілігінің стандарттарына («ХҚЕС») және Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2010 ж. 20 тамыздағы № 422 бұйрығымен бекітілген ұйымдардың жария мүдделерін (каржы ұйымдарынан басқа) бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау мақсаттарында жылдық шоғырландырылған каржы есептілігінің форматына сәйкес барлық елеулі аспектілерде сенімді бейнелейтін шоғырландырылған каржы есептілігін дайындауға жауап береді.

Шоғырландырылған каржы есептілігін дайындау кезінде басшылық келесі жауапкершіліктерге ие:

- есеп саясатының дұрыс таңдалуы мен принциптерін қолдануын қамтамасыз ету;
- ақпараттарды, оның ішінде есеп саясаты туралы мәліметтерді, орындылығы, нақтылығы, салыстырмалылығы мен түсініктілігі қамтамасыз етілген нысанда көрсету;
- ХҚЕС талаптарын орындау қолданушылардың Топ қызметінің шоғырландырылған каржылық жағдайы мен шоғырландырылған каржылық нәтижелеріне не ол, не бұл мәмілелердің, сонымен қатар басқа да жағдайлар мен шарттардың тигізетін әсерінің есептілігін түсіну үшін жеткіліксіз болған жағдайларда қосымша ақпараттарды ашу;
